

Өлімнің этикалық мәселесі

Реанимация және өлім





Медицинаның ең бастапқы этикалық ұстанымы “зиян келтірмеу” болып табылады. Зиян келтірмеу, науқастың денсаулығына зиян тигізбеу - әр медицина қызметкерінің ең бірінші міндеті. Осы міндеттермен пайдалану, науқастың денсаулығына келтірілген зияндыққа байланысты, медицина қызметкерін заң жүзінде жауапқа тартуға негіз бола алады. Медицина қызметкері, бәрінен де науқастың өміріне жанашыр болуы керек. Ол медициналық білімнің дәрежесіне байланысты науқастың ауыру сезімін жеңілдету құқығын сыйлауы керек. Медицина қызметкерлерінің міндеті – адамдардың психикалық және физикалық денсаулығына қарсы бағытталған әрекеттерге қатыспау, өлімді жылдамдатпау және науқастың өзіне өзі қол жұмсауына бағытталған ойын қоштамау.

Науқасқа абайсыздан немесе кәсіптік компетенттіксіздіктен, моральді және физикалық зиян келтіру – мүмкін емес. Дәрігер науқастың денсаулығына зиян келтіруге ұмтылған үшінші тұлғаның іс әрекетіне селқос қарауға құқығы жоқ. Науқастың күтімі бойынша мейірбикенің іс әрекетімен, басқа медициналық кірісулерден, ауру сезімімен бірге еріп жүретін және басқа да уақытша жағымсыз мерзімдерде науқаста әртүрлі теріс ой болуы мүмкін. Медициналық кірісулермен бірге жүретін қауіптер күтілген оң нәтижеден аса қоймайды. Қауіп бар медициналық кірісулерді жүргізген кезде мейірбике қауіпсіздік ережесін сақтауы бұл – керек, науқас денсаулығына және өміріне қауіп төндіретін асқынуларды шектейді.

Дәрігер, өлім алдында жатқан науқастың адамгершілік құқығына сыйластықпен қарауы керек. Дәрігер өлім халындағы науқасқа максималды физикалық жетістіктермен, эмоционалыд және рухани жайлылықпен өмірін бітіруге паллиативті көмек көрсете алатындай білімнің және шеберліктің иесі болуы керек.

Дәрігердің біріншілік моральды және кәсіптік міндеттері: Өлімге байланысты азаптың алдын алу және жеңілдету, өлім алдындағы науқасқа және оның туыстарына психикалық көмек көрсету. Науқастың өмірін тоқтату мақсатында, тіпті оның сурауы бойынша болса болса да, дәрігермен мейірбикенің қандай да бір шара қолдануы этикаға жатпайды және мүмкін емес.

Әр азамат өзіне рұқсат етілген түрде ғана, өзінің жағдайы жайлы мәлімет алуға құқығы бар, зерттеулер қорытындылары, аурудың диагнозын, оның барысын және болжамын, емдеу әдістерін, соған байланысты қауіптерді, медициналық кірісулерге мүмкін болатын нұсқауларды, олардың салдары және жүргізілген емнің нәтижелерін білуге құқылы.



Азаматтың денсаулығы жайлы мәліметті өзіне береді, ал 15 жасқа жетпеген және қабілетсіз азаматтарға – олардың заңды өкілдеріне хабарлайды. Науқасқа немесе оның өкіліне бұндай мәліметті беру қызметі, емдейтін дәрігер немесе бөлімше меңгерушісінің міндетінде және олардың келісімі бойынша мейірбике осы мәліметтердің бір бөлігін ғана бере алады.

Азаматқа оның еркіне қарсы денсаулығы жайлы мәлімет берілмейді.


Азаматтың медициналық құжатындағы мәлімет, кәсіптік құпия болып табылады және оның үшінші тұлғаға берілуі мүмкін емес.



Науқасқа диагнозын және болжамын айту.

Науқас дәрігерден не күтеді? Науқас өзінің жағдайы жайлы бейхабар болады. Сондықтан ол сырқатының атын және диагнозын естігісі келеді: белгісіздіктен қорқыныш зат жоқ. Сонымен қатар, науқас жазылып сауығу үшін, не істеу керектігін де білгісі келеді: тәртібі және диетасы қандай болу керек, қандай дәрігер мен процедураларды қолдану, емделу қанша уақытқа созылады, емделіп шығуға мүмкіншілігі және еңбекке толық қабілеттілігі бар ма? Оған серіктестік пен эмоционалды қолдау керек: ол ауруым онша қорқынышты емсе, оған көмектесуге болады деген сөздерді естігісі келеді.

Диагнозын айтқан кезде, көбінесе терминдермен емес, қарапайым және түсінікті сөзбен хабарлаған жөн. Атақты ағылшын хирургі Кэлнан жазған: “Түрлі құнмен жағымсыз диагноздардан қашыңдар. Әрине науқас барлық шандықты білгісі келеді, бірақ шындықты жұмсарта айту, бұл рақымшылдық –міне осы этикаға сай тәжірибе. Науқасқа диагнозын айту жайында әңгіме болғанда, адамгершілік және такт бірінші орында болуы қажет.



Мысалға: коронарлы артерияның тромбозы жайлы айтқанша, жүрек ұстамасы деп айту оңай, жаңадан түзіліс, ракқа қарағанда жақсы, жоғарылаған қысым, гипертониядан жақсы, және де жүйкеге байланысты бастың ауруы, невроздық қобалжудан жақсы. Бұл сөздер тек мейірімді ғана емес, сонымен қатар түсінікті.

Диагноз айыу мәселесі әсіресе, ем қонбайтын ауруларға (рак, АИД) ауыр тиеді. Науқастардың бір категориясы өзінің ауыр жағдайы жайлы түсініп, ештеңе болмағандай, дәрігердің кеңесі бойынша дәрісін ішіп, ауруханадан шығатын мүмкін болатын күндері жайлы әңгімелесіп жүре береді. Бұндай науқастарда өздері де сене бастаған жайлы сезім туа бастайды.

Науқастардың қақ жартысы қандай да болмасын, өздері көтере алатынын, және оларға берілген мерзімді жақсы пайдаланып, бітірілмеген жұмыстарын аяқтап, туысқандарымен, жолдастарымен қоштасып, өзінің өмірінің аяқталуына психикалық дайындауға және өтілген өмірге қорытынды жасау үшін дәрігерді ең ауыр және үмітсіз шындықты айтуға өтінеді.



Бірақта, әр жағдайда, дәрігер өзіне сұрақ қояды: “Бұл нақас шынымен де шындықты білігісі келе ме? Мүмкін бұл тілегінің астарында дәрігер оны аяп, тыныштандырады деген сенімге негізделген құпия жатыр ма? Мүмкін науқас шынында да мынандай жауапты қажет ететін шығар: “Менің өлмейтінім жайлы уәде беріңіз”.

Ауыр халде және өлім алдында жатқан науқастар арасында, дәрігер аяныш білдіретін қатынас орын алады. Дәрігер жазылмайтын ауру жайлы айтса да, оны науқастың сенімін сақтайтындай етіп, ұзаққа созылған ремиссия жағдайлары жайлы айтып немесе емдік, әсер көрсететін, ауру ағымын баяулататын және тіпті толығымен жазылдыратын жаңадан ұсынған дәрілер жайлы айтады. Мұнда дәрігер науқасты алдамайды, себебі ол шынайы толық сеніммен аурудың ағымын және аурудың қорытындысын болжамдай алмайды. Бұл уақытта науқастың сенімі және өмір сүруге тілегі шынымен де ағзаның қорғаныс күштерін белсендіруге, соңын алыстатуға немесе тіпті болмаса, өмірінің соңғы күндерін мағыналы өткізуге көмектеседі.

Өлім алдындағы науқаспен сұхбаттасу кәсіптік көзқарас бойынша, саналы мағынадан айрылған науқасқа, психологиялық қолдау қызметін тоқтатпау керек. Кейде медицина қызметкерлері науқастың жазылмайтыны туралы біліп, оның жағдайын сұрамай, дәріні уақытылы ішуін қадағаламай, гигиеналық процедуралардың жасалуын бақыламай, одан қашқақтайды. Өлім алдындағы адам жалғыздықта қалады.

Хал үстіндегі науқаспен сұхбаттасу кезінде, үйреншікті ритуалды бұзбау керек, науқастан өзін қалай сезінетінін сұрау, жағдайының жақсаруы жайлы тіпті маңызсыз көріністерді белгілеу керек, науқастың шағымдарын тыңдау, оның күтімін қадағалап, науқастың өзін өліммен бетпе бет қалдырмау қажет